



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

3. FanShiming “Smart Power and China” //Peking University. P.4-10
4. “Hu Jintao Calls for enhancing Soft Power of Chinese Culture”, accessible at: http://news.xinhuanet.com/english/2007-10/15/content_6883748.htm
5. Kishore Mahbubani, “Smart Power Chinese Style” // The American Interest. 2008
6. <http://harvardpolitics.com/world/chinese-smart-power-strategy/>

ӘОЖ 338.124.4(477)

Украина дағдарысы: себептері мен сабақтары туралы

Нурманова Айткуль Аскаровна

nurmanova-aitkul@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің Аймақтану кафедрасының І курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Ғ. Даркенов

Бейбітшілікке тағы бір қауіп төнді. Бұл қауіп халықтың емес, саясаткерлердің өктемдігі мен мемлекет басындағылардың парасатсыздығынан орын алуда. Билік үшін және геосаясат үшін жанталас тағы бір соғысқа алып баратындай. У. Уэстморланд айтқандай **«Соғысты әскерилер бастамайды, соғысты саясаткерлер бастайды»** дегені де расқа келетіндей. Әңгіме Украинадағы дағдарыс туралы болмақ.

Әлемде болып жатқан оқиғаларды ескере отырып, Украинадағы жағдайды байқамауға болмайды. Бәрімізге мәлім, 2013 жылдың соңы мен 2014 жылдың басында Украинадағы саяси-әлеуметтік жағдай шиеленісіп кетті. Дағдарыс тереңдей түсіп, елде биліктің ауысуы орын алды. Ел халқы бірнеше топқа бөлініп билік үшін, мемлекеттің жаңа саяси даму бағыты үшін өзара күреске түсті. Әлеуметтік және саяси себептері бар наразылықтар мен шерулер ел астанасы Киев қаласының Майдан Незалежности (тәуелсіздік алаңында) басталды. Бірнеше ай бойы алаңда жиналған ондаған мың халық билікке саяси талаптар қоюмен болды. Билік пен халық арасындағы теке-тірес 2-3 айдай уақыт қантөгіссіз болғанымен оқиғаның шырқау шегінде 2 жақ бір-біріне қару қолдануға барды. Деректерге сүйенсек, 2014 жылдың 18 ақпанында президенттік «Бүркіт» арнаулы жасағы Майдан алаңын тазартуға бағытталған операция басталатындығын жария етті. Нәтижесінде 25 адам қаза болып, мыңнан астам адам жарақат алды. Жарты жылға созылған билік пен халық арасындағы теке-тірес қантөгіспен ғана шектелген жоқ. Онсыз да дағдарысқа жақын тұрған ел экономикасын тұрақтатты, елдің финансы жағдайы тіптен нашарлап кетті. Украина мемлекеттік біртұтастығынан айырылып, ыдырап кету қаупі келді. Билік дағдарысы саяси-әлеуметтік, экономикалық-қаржылық дағдарыстарға ұласты. Халық жік-жікке бөлінді. Елдің шығысы мен оңтүстік-шығыс аймақтары Ресеймен одақты қаласа, батыс аймақтары Евроодақпен одақтасуды қалады. Саяси даму болашағы туралы көзқарас теке-тірес себебіне айналды.

2013 жылдың қараша айында басталған толқуларға себеп Украина басшылығының Евроодақпен еркін сауда аймағына кіру туралы келіссөзден бас тартып Ресеймен одаққа кіру келіссөздерді бастауы болды. Әлеуметнамалық зерттеулер осы мәселеге қатысты Украина халқының көзқарастарының 2 жаққа бөлінгенін көрсетті. Ел халқының 47 пайызы ерушілерді жақтап Батыспен одақтасуды қаласа, 46 пайызы билікті қолдап Ресеймен одақтас болуды дұрыс санады. Елдің болашағы жайында қоғамның екіге бөлінуі аса қауіпті симптом болды. «Мұндай жағдайға бұл мемлекет қалай жетті?», - деген сұрақ мені мазалаусызда...

Украина халқының ел болашағын таңдауға екіге бөлінуінің терең дүниетанымдық және тілдік себептері бар деп ойлаймын. Украиндықтардың шығыс пен оңтүстік-шығыс аймақтарындағы халқы орыс тілінде сөйлейді, орыс мәдениетін қабылдаған, орыстық дүниетанымдағылар. Бұлай болуы Кеңес Одағының бүкіл кеңес халықтарды орыстандыру саясатының салдары. Батыс өңірлердегі украиндықтар өздерінің ана тілін, ұлттық дәстүрі мен дінін сақтағандар. Бұл өңірлерге Киевтің маңындағы облыстар мен елдің батысындағы

Житомир, Винница, Ровно, Луцка, Хмельницкий, Червонцы, Торнополь, Львов, Иваново-Франковск, Ужгород облыстары кіреді. Шығыс өңірлерінде Кривогород, Чернилов, Сумы, Черкассы, Полтава, Харьков, Днепропетровск, Донецк, Луганск облыстары, ал Оңтүстік-Шығыс аймаққа Николаев, Херсон, Одесса, Запорожье, Симферополь, Крым автономиялық республикасы кіреді. Міне осындай екі аймақтағы бір халықтың тілдік, мәдени-рухани бөлінісі ұлттық бөлініске және теке-тіреске себеп болуда. Бір халықтың екіге бөлінуі мемлекеттің бөлшектеніп кетуінің алғы шарттарының біріне айналууда. Ортақ жалпыұлттық және жалпымемлекеттік құндылықтар төңірегінде топтаспаған халқының жартысы Батыс Еуропаға ерсе, жартысы Ресейге ерді. Осындай жағдайда Украина басым державалардың ойыншығына айналып кетті.

Украинадағы халық көтерілісінің келесі үшінші себебі, елді жайлап алған кедейлік пен қайыршылық. Халық төзімі бітіп, наразылық шектен шықты. Украина 22 жылда бай мемлекеттерге қол жаюмен болды. Елдегі заңдар жұмыс істеген жоқ. Барлық мәселелер президент аппаратының араласуымен ғана шешілді. Экономиканың 55 пайызы заңсыз, көлеңкелі экономика болды. Ашық және жасырын экономиканы олигархтар биледі. Басқарушы элита қарапайым халықтың материалдық және мәдени жағдайын жақсарту шараларын іске асырмады. Елді тамыр-таныстық пен коррупция жайлады. Халықаралық «Transpruncy International» ұйымының сыбайлас жемқорлыққа байланысты мемлекеттердің рейтингісінде Украина 144 орынды иемденіп, ең жемқор билігі бар елдер қатарына қосылған. Жемқорлықпен бірге халықты қорлайтын әлеуметтік әділетсіздік, өтірік пен көзбояшылық келетіні белгілі. Украинадағы қатардағы кәсіпкерлер бизнестерні шетелге аусытыруды қолға алған. Соның салдарынан жұмыссыздар саны арта түскен. Ресми мәліметтердің өзінде 2013 жылы 500 мыңнан астам адамның жұмыссыз жүргендігі айтылды.

Төртіншіден, Украинадағы билікке қарсы күрестің жалпыхалықтық сипат алуына ұйымдасқан оппозициялық билікке қарсы табанды күресі әсер етті. Перманентті шерулер мен митингілер 4 айдан астам уақыт толастаған жоқ. Украинаның Жоғарғы Радасында көп мандаты бар «Батькивщина» партиясының лидерлерінің бірі Арсений Яценюк «УДАР» партиясының лидері Виталий Кличко және «Свобода» партиясының лидері Олег Тягнибок ереуілшілермен үнемі бірге болды. Майдан Незалежности ереуілшілері, өзара ықпалдасдықты, тәртіпті сақтады. Билікке қарсы табанды күрес жүргізу жолға қойылды. Майдандағылар тамақпен, жылы киіммен үздіксіз қамтамасыз етілді. Ереуілшілерге Киев және басқа қалалардың тұрғындары өте белсенді көмек көрсетумен болды. Ереуілшілер өздері басып алған әкімшілік ғимараттарын жылынуға, ереуілді басқаруға пайдаланды. Магазиндерді, пәтерлерді тонау, күйрету орын алған жоқ. Ереуілшілер саяси белсенділік пен табандылық үлгісін көрсетті.

Бесіншіден, Украинаның ішкі саяси дағдарысын Еуроодақ, АҚШ пен Ресей өз пайдалары үшін ұшықтыра түсті. Олар қарсылас екі лагерді біріктіру орнына отқа май құюмен болды. Майдандағыларға Батыс көмектің барлық түрін беруге уәде етті және көмектесіп жатты. Ал, Ресей болса ресми билікті қолдануды желеу етіп ереуілшілерді заңсыз төңкеріс жасаушылар деп айыптады. Украинадағы орыс диаспорасы мен орыстілді халықтық мүдделерін қорғау уәжімен Украинаның территориялық тұтастығына қол сұғуды көкседі. Ресей Қырым автономиялық республикасын өзіне қосу арқылы Қара теңіз бассейнінде толық қожалық болуды армандады. Оның осы мақсаты Қырымда Ресейге қосылу мәселесіне қатысты референдумді жақтауынан анық көрінді. Бұл мәселеде ол Біріккен Ұлттар Ұйымының «халықтардың өзін-өзі билеу құқығын» желеу етті. Қырым халқы Ресейге қосылуды қаласа біз олардың таңдауын силауға міндеттіміз» деген пікірді Ресей Президенті Владимир Путин журналистермен пресс-конференциясында шегелеп айтты. Ал, АҚШ Президенті Барак Обама бастаған Батыс басшылары Украинаны жаңа билігінің пробатыстық саясатына барынша қолдау көрсетуге тырысты. АҚШ әкімшілігі Украинаға 1 млрд доллар көлемінде жәрдем беру туралы шешім қабылдап тастады. Ал, Ресей билігі Қырым автономиялық республикасына 2 млрд доллар көлемінде көмек береміз деп жариялады. Ресей осындай қадамдармен Украинадағы сепаративтік пиғылды жандандыра түспек.

Алтыншыдан, Украинадағы жағдайдың ұшынып кетуіне түрлі құпия арандатушы күштердің ықпалы болғандығы ақиқат. Олар Батыстың, Ресейдің жасырын әрекет ететін органдары деп болжауда. Майдандағы ереуілшілер мен полицияға қарсы үшінші күштер оқ атқандығы анық. Снайперлер халық пен полиция теке-тірес болып жатқан шақта оларды қанға бояп, ондаған адамның өмірін қиған. Ал, ереуілшілерді жеке-жеке топтарға бөлінген, күшті дайындығы бар сайдың тасындай жауынгер-жігіттер бастап отырған. Олар әкімшілік ғимараттарын басып алуды, полициямен айқасуды басқарып жүрген. Осындай жауынгерлік, ұлтшыл топтар Шығыс пен Оңтүстік Шығыс облыстарға да келіп жаңа Украина билігінің үстемдік құруына көмектесіп отырған. Ресей сарапшылары осындай белсенді жауынгерлік топ мүшелерін Батыстың өкілдері дайындап, қаржыландырып отыр деген мәліметтер таратуда. Әзірше, Украина оппозициясының негізгі соққы күші болып отырған жауынгерлік топтардың артында кімдер тұрғандығы туралы нақты ақпараттар жоқ. Олардың Майдандағы ереуілшілердің қозғаушы күші болғандығы ақиқат. Жауынгер топтардың өкілдеріне күн сайын 30 доллардан 100 долларға дейін ақы төлеген. Батыс БАҚ-тарына интервью беріп, күреске шақырғандар мың долларға дейін ақы алған деген деректер бар.

Жетіншіден, Украинадағы ереуілшілер ұрандары мен идеологиясы антиорыстық сипат алғаны белгілі. Украин халқының ұлтшыл патриоттарына елдегі орыс тілінің басымдылығының сақталуы, Шығыс өңірлердегі ашық проресейлік көңіл-күй тіптен ұнаған жоқ. Украин ұлтшылдары өз мемлекетінің келешегін шовинистік Ресей империясымен емес, дамып кеткен Евроодақпен байланыстырғысы келді. Ұлтшылдардың бұл ниетін ел халқының тең жарымы қолдады. Болашақ даму жолын таңдау азаматтық теке-тіреске, одан кейін саяси төңкеріске алып келді. Украина мемлекеті әлемдік геосаяси мүдделердің түйіскен нүктесіне айналды. Батыс Украинада өз ықпалын арттыру арқылы Ресейдің империялық саяси ықпалын шектеуді ойласа, Ресей Украинада өзінің Қара теңіз әскери флотының тағдырын, өзінің әскери қуатының әлсіремеуін көкседі. Қырым халқының басым көпшілігі орысша сөйлеп, орысша ойлайтын болғандықтан бұл аймақта Ресейді жақтаушы көңіл-күй басым екендігі белгілі. Осы саяси-психологиялық ахуалды пайдаланған Ресей аса маңызды портты қалалар Севастополді және Керчті өзіне толық қаратып алуды көксеуде. «Халық талабымен есептесеміз» деген ұранмен Қырым автономиялық республикасының Ресейге қосып алуды Путин бастаған басшылықтың көксеуі де Украинадағы дағдарыстың тереңдей беруінің себептерінің бірі.

Сегізіншіден, Қырым автономиялық республикасының халқының көпшілігі орыстар мен орыс тілді украиндықтар. Сонымен қатар Қырым түбегінде Ресейдің бірнеше әскери горнизондары мен Қара теңіз әскери флоты шоғырланған. Бұл аймақта орыс әскерілерінің саны ондаған мың. Сонымен қатар орыс әскери офицерлерінің отбасылары да осында тұрады. Билікке қарсы Киевтегі теке-тірестен туған дағдарысы Қырымдағы Ресейге қосылу мәселесінің көтерілуі тіптен асқындырып жіберді. Украинаның территориялық тұтастығына қауіп төнді. Қырым автономиялық республикасының парламенті 10 наурыз күні «ҚАР мемлекеттік тәуелсіздігі тары Декларация» қабылдап, 16 наурыз күні Украина құрамында қалу, немесе қалмау туралы және Ресей Федерация құрамына оның субъектісі ретінде кіру туралы референдум өткізуге шешім қабылдады. Оның алдында Ресейдің Федерация Кеңесі 1 наурыз күні Ресей президенті В.Путинге Украинада әскери күш көрсетуге рұқсат беру туралы шешім қабылдаған болатын. Осындай саяси қадамдардың барлығы Украинадағы дағдарыстың ахуалды тереңдетіп жіберді. Украинаның жаңа премьер-министрі А.Яценюк өз елі сыртқы күштерге соққы беруге дайын екендігін мәлімдеді. Бұл сөзді ол Евроодақ басшыларымен кездесулер өткізу барысында Брюссель қаласында айтты. Яғни, Батыс елдерінің көмегіне сенімді болғаннан кейін айта алды. Ресей мен Украина соғысу алдындағы жағдайға жетті.

Мен Украинадағы дағдарыста саясаткерлердің парасаттылық пен ерік-жігер таныта алатынына сенімдімін. Бұл әсіресе АҚШ және Ресей президенттерінің ұстанымына байланысты болмақ. Украина халқы және бүкіл әлем жұртшылығы Украина дағдарысының дипломатия арқылы шешілетіне үмітті екеніне сенімдімін. Соғыс ешкімге де жеңіс

әкелмейді. Оның әкелетіні қайғы-қасірет пен бүліншілік және қианды ғана. Уолтер Мондейл деген данышпан «**Үшінші дүниежүзілік соғыстың ардагерлері болмайды**» деген сәуегейлік айтыпты. Солай болып жүрмесін деп тілейік. Бұл дағдарыс дипломатия арқылы шешілсе АҚШ пен Ресей президенттерінің де беделі көтеріліп, әлем жұртшылығының оларға алғыс та айтатындығы анық.

Қолданылған әдебиеттер

1. Ткаченко О. Украинский пасьянс: Майдан устал от бездействия // Аргументы и факты Казахстан. 2014. № 7. с.13.
2. Жұлаахметұлы Е. Жемқорлық жайлаған қоғамда кез келген мемлекеттік басқару тиімсіз // Алматы ақшамы, 2014. 4 наурыз. 8 б.
3. Осипов В. На грани дефолта // Казахстанская правда. 2014. 27 февраля.с.10.
4. Нестеренко С. Зрелищ навалом, а хлеба нема, или кое-что о майданах // Казахстанская правда. 2014. 15 февраля.с.9.
5. Александров Г. Спасибо, что нас не бросили! // Аргументы и факты Казахстан. 2014. № 10. с.5.
6. Стюарт М., Колисниченко А., Нетреба Т., Цепляев В. Юго-восточный фронт. Обладминистрации на Украине переходят в руки народа // Аргументы и факты Казахстан. 2014. № 10. с.9.
7. Ахметов Д. От Бреста до Жаркента, и Владивостока. В Астане обсуждают проект договора о Евразийском экономическом союзе // Аргументы и факты Казахстан. 2014. № 10. с.13.

УДК 327:[338.45:629.78]

Международное сотрудничество в космической отрасли Казахстана

Омарбекова Алуа Арланкызы

aluawa95@mail.ru

Студент 2 курса факультета международных отношений, кафедры регионоведения
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Т.В. Мармونتова

На сегодняшний день космическая отрасль занимает стратегически важное место в развитии Казахстана. Эта отрасль является одним из основных ресурсов, который способствует вхождению республики в ряд мировых космических держав. Для эффективной реализации поставленных задач в космической отрасли Казахстана развивается международное сотрудничество Республики Казахстан с государствами, являющимися мировыми лидерами в области создания космической техники и технологий.

В данное время Казкосмосом реализуется 6 крупных космических проектов: создание системы спутниковой связи и вещания "KazSat", космической системы дистанционного зондирования Земли, сборочно-испытательного комплекса космических аппаратов, наземной инфраструктуры системы высокоточной спутниковой навигации, космической системы научно-технологического назначения, экологически безопасного космического ракетного комплекса "Байтерек".

Система спутниковой связи и вещания "KazSat" создается для удовлетворения потребностей казахстанских операторов спутниковой связи и обеспечения информационной безопасности страны. Космическая система дистанционного зондирования Земли создается для получения оперативной мониторинговой информации для решения задач отраслей экономики: сельское хозяйство, геодезия и картография, экология, земельный кадастр и др. Система высокоточной навигации позволит получать услуги высокоточного определения